

«Мектепке дейінгі балалардың ұсақ қол моторикасы арқылы қазақ тілін үйрету»

Мектепке дейінгі балалардың ұсақ қол моторикасы арқылы, қазақ тілін үйрету — бұл саусақ жаттығулары арқылы сөзді, дыбысты есте сақтауды жеңілдету. Қол қозғалысы мидың сөйлеу орталықтарын белсендіреді, сондықтан бала сөзді тез әрі берік меңгереді.

Балабақшада қазақ тілін дамытуға арналған қолдануға болатын тиімді әдістер:

1. Саусақ ойындары + тақпақ. Мақсаты: Артикуляция мен сөздік қор

ПРАКТИКАЛЫҚ БӨЛІМ

«Саусақ ойындары»
«Бұл менің отбасым»
Мынау саусақ- атам
Мынау саусақ - әжем
Мынау саусақ – әкем
Мынау саусақ - анам
Мынау саусақ – мен
Ал мынау менің отбасым.



«Саусақтар амандасады» - оң қолдың бас бармағының ұшын қалған саусақтардың ұшына тигізіп шығады. Осы ойындарды таңертеңгі қабылдауда, ұйқыдан тұрғанда, сергіту жаттығуларда қолданамын.



Бала әр санды айтып, саусағын бүгеді. Сандарды, амандасу сөздерін жаттайды.

2. «Сықырлы дорба» ойыны. Дорбаға кішкентай заттар салыңыз: асық, түйме, қасық, доп. Бала қолын салып, сипап көріп, затын атайды: «Бұл — доп. Доп домалақ».

Мақсаты: Тактильді сезім, зат есімдерді бекіту, сөйлем құрау.

3. Жармамен сурет салу. Табаққа манка немесе күріш себіңіз. Бала саусағымен педагог нұсқауымен айтылған суреттер салады: «гүл», «ағаш», «күн». Педагог атауын айтып отырады.

Пайдасы: Білезік пен саусақ ұштарының нәзік қимылы дамиды + сөздерді есте сақтайды.



4. Бау байлау, түйме тағу «Киім киеміз»

Картоннан қуыршақтың киімін қиып, тесік жасаңыз. Бала бау өткізіп, түйме қадайды. Әрекетті сөзбен сүйемелдеңіз: «Көйлекті кидік. Түймені тақтық. Белдікті байладық».

Нәтиже: Тұрмыстық лексика + пинцеттік ұстау дағдысы.

5. Ұсақ заттармен мозаика «Киіз үй жинаймыз»

Бұршақ, макарон, моншақтан киіз үйдің суретін құрастыру. Әр бөлікті жапсырғанда атайды: «Шаңырақ», «уық», «кереге», «есік».

Дамытады: Көз бен қол координациясы + «Баспана» тақырыбы бойынша сөздік.

Негізгі ереже: Қимыл мен сөз бір уақытта жүруі керек. Бала жасап жатып айтса, мида берік байланыс орнайды.

6. Қағазбен жұмыс. Қаламмен қағаз оралған жолды сызып, балаңызға қарындаш беріп, оның ізін қалдырып, сызылған жолмен өтуін сұраңыз.

Дамытады: Ұсақ қол моторикасын дамуы баланың тілінің дамуын ынталандырады, сондай –ақ жалпы интеллектуалды дамуға ықпал етеді.

